

Ұстаз ұлағаты

Мен ұстаз болғанымды мақтан етемін. Себебі, ұстаз болу - жай мамандық емес. Ұстаздық - қызық та, бейнеті көп мамандық. Ұстаз - тек білім қағидаларын меңгертіп қана қоймайды, сонымен бірге өзін-өзі тануға, дамытуға ұмтылатын, ақылды да алғыр, қабілетті балаларды тәрбиелеу болып табылады.

Еліміздің ертеңі – жастарды сапалы біліммен қаруландыру, бәсекеге қабілетті ұстаздарды тәрбиелеу жолында бүкіл саналы ғұмырын арнап келетін жандар аз емес.

Солардың қатарында 30 жылдан бері білім саласында қызмет етіп жүрген, Арқалық қаласындағы М.Әуезов атындағы №5 жалпы білім беретін орта мектептің оқу ісі жөніндегі орынбасары міндетін атқарып, аталған мектептің мақтанышына айналған ұстаздардың бірі – Гаухар Нұрбалиева туралы арнайы тоқталғым келеді.

Гаухар Сағынтайқызы – саналы өмірін жас ұрпақ тәрбиесіне арнаған адам. 1967 жылы 16 сәуірде Ақмола облысы, Вишневка ауданында дүниеге келді. Орта мектепті үздік аяқтап, Целиноград педагогикалық институтын ойдағыдай бітірген. Алғашқы еңбек жолын өзінің туған жерінде, Вишневка ауданындағы мектепте бастап, 1992 жылы Арқалық қаласына №5ші мектепке жұмысқа орналасқан. Қазіргі таңға дейін осы мектепте абыройлы қызмет атқарып келеді.

2002 жылдан бастап директордың ғылыми және әдістеме жөніндегі орынбасары қызметін атқарса, ал 2007 жылдан бастап оқу ісі жөніндегі орынбасары міндетін атқарып келе жатыр.

Ұстаздың 30 жыл бір орында қызмет етуі – бұл өз ісіне деген адалдығы, яғни, тәжірибелі ұстаздың өзін сауатты, жауапкершілігі мол, тыңғылықты, ыждаһатты, тағылымы мол, іскер маман ретінде көрсетті. Қызметтік міндеттерін адал орындап, табандылық пен бастамашылық байқата алды,



ада, конкурстардан жеңімпаз атанып жүр.

Бұл – білікті ұстаз Гаухар Сағынтайқызының алғырлығы мен жауапкершілігінің арқасында жақсы нәтиже көрсетіп жүрген қажырлы еңбегі деп білеміз.

Білім әлемінде биік белестерді бағындырған ол өмір өнегесін, еңбек пен тәжірибені, теория мен тәжірибені үйлестіре білді. Ол ардақты ана, туысқандарына, жолдастарына, әріптестеріне, жалпы айналасындағыларға білгенімен бөлісетін адал жолдас, қамқоршы. Ісіне ғана емес, өзіне, жалпы қоғамға үлкен талаппен, жауапкершілікпен қарайтын оның осындай адами келбеті кейінгілерге үлгі - өнеге боларлықтай. Бойындағы өз ісіне деген жауапкершілік пен оқушыларға қоя алатын талапшылдығының нәтижесінде қала, облыс, республика көлемінде шәкірттері жүлделі орындарға ие болып жүр.

қоғамдық жұмыстарға да белсе-не араласып, оқушылар арасында жарыстар өткізіп, олардың пәнге деген қызығушылығын арттырды.

Мұғалімдердің кәсіби құзіреттіліктерін арттыру мақсатында ұйымдастырылатын даму бағыттары бойынша түрлі курстарға қатысып, біліктілігін үнемі шыңдап отыратын ұстаздың сабақтарында түрлі жаңа технологиялар мен әдіс-тәсілдерді қолдануда.

Ізденімпаз, тәжірибелі ұстаз жұмыс барысында «Жаңартылған білім беру мазмұны», «Н.Назарбаев мектептеріндегі көшбасшылық курстары», «Орыс тілінен инновациялық менеджмент» т.б. көптеген біліктілік арттыру курстарына қатысып, шеберлігін шыңдауда. Сондай-ақ, София қаласында халықаралық конференцияға қатысып сертификат алса, шәкірттері көптеген олимпи-

Ұлағатты ұстаз біздің мектеп шәкірттерінің болашағын айқындауға жол бастап, әріптестер арасында шығармашылық ізденістер мен ғылыми жаңалықтармен тәжірибе бөлісетін білікті де білімді, тәжірибелі маман ретінде атқарған еңбегін мектеп ұжымы педагогтары жоғары бағалайды..

Ұлы Абай өзінің қара сөздерінде: «Тегінде адам баласы – адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады», деген екен. Осы айтылған қасиеттердің бәрі – сіздің бойыңыздан табылады.

Гаухар Сағынтайқызы, бүгінде сізді танымал ұстаз, білікті маман, қамқор ана, әріптес, аяулы әже ретінде білеміз, танимыз. Баршамыздың, әріптестеріңіздің, бауырларыңыз бен туған – туыстарыңыз, шәкірттеріңіздің қуанышы, әрі мақтанышысыз. Сізге шын пейілмен алғыс айта отырып, мына өлең жолдарын арнаймын.

Маңдайынан ащы тер көп төгіле,
Айналған білім, ғылым кептеріне.
Нұрбалиева Гаухардай апайымыз,
Нұрын шашып келеді мектебіме.

Әрқашан оқушыны іздеп тұрған,
Санасына білімін тізбек қылған.
Тәмамдап Целиноград институтын,
Әуезов мектебінде қызмет қылған.

Ерлігі мен еңбегі елге жеткен,
Ел жұртын ақылменен тербеп өткен.
Отыз жыл бір орнында қызмет жасап,
Отанына қалтқысыз еңбек еткен.

Бұл кісі асылдардан ұнтақ шығар,
Келіспеген кәнеки мін тақсын ал.
Білімді де білікті мамандардан,
Сапалы да саналы ұрпақ шығар

Көп еді білгеніңіз, көргеніңіз,
Өзіңізді құрметтер енді еліңіз.
Тұғырлы да ғұмырлы күндер кешіп,
Ақталсын өмір бойғы еңбегіңіз!

Мирамкүл
НҰРКЕНОВА,

М. Әуезов атындағы
№ 5 жалпы білім
беретін мектебінің
бастауыш сынып мұғалімі